

И. Алтынсарин атындағы

Арқалық
мемлекеттік
педагогикалық
институты



Шамшырақ

Печатный орган Аркалыкского государственного педагогического института им. И. Алтынсарина

«Өткенін сыйлап, бүгінін бағалау – жарқын болашақтың кепілі»

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ



Мемлекет басшысының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы барша жерлестеріміздің, әсіресе жастардың бойына жалпықазақстандық бірегейлік пен ұлттық құндылықтарды дарыту, тарихымыздың салт-дәстүрлеріміздің ұтымды жақтарын тереңірек білуге ынталандырады.

Атқа міну мәдениеті мен жылқыны қолға ұстау дәстүрі әлемге Ұлы даладан тарағаны тарихта бар. «Жылқыны қолға үйрету арқылы біздің бабаларымыз өз дәуірінде адам айтқысыз үстемдікке ие болды. Жаһандық ауқымда алсақ, шаруашылық пен әскери саладағы теңдессіз революцияға жол ашты», - делінген аталмыш мақалада.

Ал археологиялық жұмыстар барысында табылған металл қорытатын пештер мен зергерлік бұйымдар, қонан заманның үй заттары мен қарулары ата-бабаларымыздың металл өндіру тәсілдерін

жетік меңгергендігінің дәлелі болып табылады.

«Аң стиліне» келетін болсақ, қазақ халқының өмір-салты қашан да табиғатпен тығыз байланыста болғандығы белгілі. Жануарлардың, жыртықштардың бейнесі тастарға қашалған петроглифтерде, халқымыздың ою-өрнегінде, тұрмыстық заттарда да көптеп кездеседі.

Алтынмен безендірілген киімдегі ежелгі жауынгердің табылуы сол замандағы Ұлы дала елінің алтын өңдеуді жетік меңгергенін дәлелдейді. «Алтын адам» халқымыздың тарихы мен мәдениетіне бүкіл әлемнің басқаша қарауына жол ашқаны анық.

Бүгінгі таңда Қазақстан жер көлемі бойынша тоғызыншы орын алатыны ешкімге құпия емес. Бабаларымыз ықылым заманнан бері зор кеңістікті игеріп, Түркі әлемінің екерше өркениетін жасай білген.

Еуразияның орталығында орналасуы - мемлекетіміздің географиялық тұрғыдан ұтымды жақтарының бірі. Шығыс пен Батысты, Солтүстік пен Оңтүстікті байла-

ныстырған Жібек жолы Ұлы дала экономикасымен мәдениетінің дамуына зор септігін тигізген.

Сол Жібек жолы арқылы әлемге тараған алма тұқымы дүниежүзіндегі талай адамдарды таңқалдырған. Ал қазақ жерінде өсетін қарапайым да болса өте әсем әрі ерекше гүл - қызғалдақ өзінің әдемілігімен көпшілікті баураған. Сондықтан да Ұлы даланы «Алма мен қызғалдақтың отаны» деуге толық негізіміз бар.

Міне осылайша, Ұлы дала халқының дүниетанымын айқын көрсететін бұл концептуалды мақала «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жаңа қырлары ретінде ата-бабаларымыздың қалдырған асыл мұрасы мен тарихымызды бағалап, бүгінгі күнге прагматикалық тұрғыда қарап және болашаққа оң көзқарас таныта білу арқылы дамуға жетелейді.

С.ҚУАНЫШБАЕВ,
И.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры, с.ғ.д.

Встреча молодежи с успешными и значимыми людьми



В рамках проекта «100 новых лиц Казахстана» программы «Рухани жаңғыру» Управление по воспитательной работе Аркалыкского государственного педагогического института имени И. Алтынсарина организовало встречу молодежи с успешными и значимыми людьми нашего города, экспертами в различных сферах.

Цель мероприятия - дать возможность интересным личностям поделиться своими историями успеха, жизненным опытом, взглядами на те или иные темы со студенческой молодежью.

Первая встреча прошла в формате «без галстуков», на которой студенты могли познакомиться с опытом работы и историей успеха председателя общественного объединения «Центра молодежных инициатив» Дархана Кикимова, руководителя «Молодежного ресурсного центра» г.Аркалыка Амангельды Ахметжанова, предпринимателя, создателя компьютерного салона «Мирас» Нурлана Екпина, кандидата мастера спорта по боксу Жанны Сериковой. Гости мероприятия - наши сверстники, обладающие огромным желанием развиваться и идти к своей мечте. Встреча с ними дала возможность для студентов получить положительный жизненный опыт. Благодарим наших гостей за участие в мероприятии и надеемся, что такие встречи станут хорошей традицией!